

Бекітілген


Ғылыми кеңестің отырысында

Хаттама № 9

«18» сәуір 2025 ж./г.

PL-03-07-03-05-01

Диссертациялық кеңес туралы қағида

Магистратура және докторантура бөлімінің бастығы	 (КОЛЫ)	Ф.Г. Оразаева
---	--	---------------

	«ҚазРесеймедуниверситеті» МЕББМ	2 беті 41 беттен	
---	---------------------------------	------------------	--

Мазмұны

№		Бет
1	Жалпы қағидалар	3
2	Терминдер, анықтамалар, қысқартулар	4
3	Диссертациялық кеңесті құру, қайта ұйымдастыру және тарату	5
4	Диссертациялық кеңестің жұмысын жүзеге асыру тәртібі	7
5	Диссертациялық жұмысқа алдын ала сараптама жүргізу	9
6	Диссертациялық жұмысты рәсімдеу ережелері	10
7	Қорғауға жіберу үшін жарияланымдарға қойылатын талаптар	11
8	Диссертацияны диссертациялық кеңесте қарастыруға қабылдау	12
9	Диссертацияны қорғау кезіндегі Кеңес жұмысының тәртібі	18
10	Апелляция	22
11	Ерекше қағидалар	23
12	Қорытынды қағидалар	23
13	Қосымшалар	24-39
14	Танысу парағы	40
15	Келісу парағы	41

1. Жалпы қағидалар

1.1. Осы Қағидада «Қазақстан-Ресей медициналық университеті» мемлекеттік емес білім беру мекемесінің (бұдан әрі - «ҚазРесеймедуниверситеті» МЕМБМ / Университет) диссертациялық кеңесінің (бұдан әрі - Кеңес) мақсаты, тапсырмалары, атқарымдары, құқықтары мен жауапкершілігі белгіленді және оның қызметін ұйымдастыру регламенттелді.

1.2. Өз қызметінде Кеңес басшылыққа алады*:

1.2.1. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы

1.2.2. Қазақстан Республикасының «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Кодексі;

1.2.3. Қазақстан Республикасының «Ғылым және технологиялық саясат туралы» Заңы;

1.2.4. Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрлігінің (бұдан әрі - ҒЖБМ), Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігінің (бұдан әрі - ДСМ), сондай-ақ Кеңестің қызметін реттейтін Қазақстан Республикасының өзге де қолданыстағы нормативтік құқықтық актілері;

1.2.5. Қазақстан Республикасының заңнамалық және өзге де нормативтік құқықтық актілерімен, Кеңестің қызмет саласына қатысты халықаралық нормалармен; Университеттің Ғылыми және Академиялық кеңестерінің шешімдерімен;

1.2.6. Университеттің Жарғысын;

1.2.7. Университеттің академиялық саясаты.

1.2.8. Университеттің ішкі тәртіп ережелері.

1.2.9. Университеттің бұйрықтарын, өкімдерін және өзге де құжаттары.

1.2.10. Университеттің сапаны қамтамасыз ету жүйесінің (бұдан әрі - ESG) бұйрықтары, басшылық өкімдерімен және өзге де құжаттары.

1.3. Осы Ереже, сондай-ақ Ережеге енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар Университеттің Ғылыми кеңесінің шешімімен бекітіледі;

1.4. Осы Ереже тікелей қолданылатын құжат болып табылады және оны бекіткен күннен бастап Кеңестің барлық мүшелері орындауға міндетті.

* Егер сілтемеде құжаттың күні қойылған нұсқасы көрсетілсе, онда сол нұсқа ғана қолданылады. Күні қойылмаған құжаттарға сілтеме жасау үшін сілтеме жасалатын құжаттың соңғы нұсқасы (соның ішінде кез-келген түзетулер) қолданылады.

2. Терминдер, анықтамалар, қысқартулар

2.1. Қағидада мынадай терминдер мен анықтамалар қолданылады:

Терминдер	Анықтамалар
1	2
Аңдатпа	диссертацияның қысқаша баяндамасы, онда диссертациялық жұмыстың барлық негізгі сипаттамалары: диссертацияның өзектілігі, мақсаттары



	мен тапсырмалары, зерттеу нысаны мен мәні, ғылыми жаңалығы, қорғауға шығарылатын ғылыми қағидалары мен олар шынайылығы, алынған нәтижелердің тәжірибелік маңыздылығы, тараулардың қысқаша мазмұны келтіріледі;
Аттестациялық іс	философия докторы (PhD), бейін бойынша доктор дәрежесін беру үшін Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетіне (бұдан әрі – Комитет) ұсынылатын құжаттардың пакеті
Диссертациялық кеңес	докторанттардың диссертациялық жұмыстары қорғалатын жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары жанындағы алқалық органдар
Докторант	докторантурада оқитын тұлға
Докторантура	білім беру бағдарламалары ғылыми, педагогикалық және (немесе) кәсіби қызмет кадрларын дайындауға бағытталған және философия докторы (PhD) (бейін бойынша доктор) дәрежесі берілетін, кем дегенде 180 академиялық кредит міндетті түрде меңгерілуі тиіс жоғары оқу орнынан кейінгі білім
Докторлық диссертация	Қазақстан Республикасында немесе шетелде философия докторын (PhD), бейін бойынша докторды дайындау жөніндегі білім беру бағдарламасы аясында нақты мамандық бойынша қорғалған білікті ғылыми жұмыс
Философия докторы (PhD), бейін бойынша доктор	ғылыми-педагогикалық бағыт немесе кәсіби қызметтің тиісті саласы бойынша докторантура бағдарламасын меңгерген, Қазақстан Республикасында немесе шетелде диссертациясын қорғаған, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте мойындалған тұлғаларға берілетін дәрежелер
Философия докторы (PhD)	ғылыми-педагогикалық бағыт бойынша докторантура бағдарламасын меңгерген, Қазақстан Республикасында немесе шетелде диссертациясын қорғаған, «Білім туралы» заңда белгіленген тәртіпте мойындалған тұлғаларға берілетін дәреже
Рецензент	ғылым саласында құзыретті ғалымдардың арасынан Диссертациялық кеңес тағайындаған, диссертацияға қатысты жазбаша пікір білдіруге өкілетті тұлға

2.2. Қағидада мынадай қысқартулар қолданылады:

Қысқартулар	Терминдер
1	2
ДҒЗЖ	Докторанттың ғылыми-зерттеу жұмысы
МДБ	Магистратура және докторантура бөлімі
Қағида	Диссертациялық кеңес туралы қағида

2.3. Осы Қағиданың орындалуы ғылыми және клиникалық жұмыс жөніндегі проектордың бақылауында болады.



3. Диссертациялық кеңесті құру, қайта ұйымдастыру және тарату

3.1. Диссертациялық кеңестер 3 (үш) күнтізбелік жылға құрылады және докторантураның кадрларды дайындау бойынша тиісті бағыттары бойынша мыналар болған кезде әрекет етеді:

3.1.1. докторантураның бағдарламасы бойынша білім беру қызметімен айналысуға лицензия және (немесе) лицензияның қосымшасы;

3.1.2. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңының (бұдан әрі - Заң) 22-бабының 2-тармағына сәйкес соңғы 3 (үш) жыл ішінде Жоғары оқу орнынан кейін білім беру тізілімінде докторантураның білім беру бағдарламалары;

3.1.3. Министрлік туралы қағиданың 15-тармағының 21) тармақшасына сәйкес Жоғары және жоғары оқу орнынан кейін білім беру ұйымдарының аккредиттелген білім беру бағдарламаларының тізіліміне енгізілген және 3 (үш) жылдан аспайтын мерзімге аккредиттелген докторантураның білім беру бағдарламалары.

3.2. Диссертацияларды қорғау бойынша қабылданатын шешімдердің сапасы, әділдігі және негізділігі үшін Кеңес жауапкершілік тартпайды.

3.3. Диссертациялық кеңестің барлық мүшелерінің ғылыми дәрежесі (ғылымдар докторы, ғылымдар кандидаты, философия докторы (PhD), бейін бойынша доктор) немесе философия докторы (PhD), бейін бойынша доктор академиялық дәрежесі, не болмаса философия докторы (PhD), бейін бойынша доктор дәрежесі болуы тиіс.

3.4. Кеңестің құрамына кем дегенде 7 (жеті) адам кіреді. Олардың арасында:

3.4.1. Кеңестің 4 (төрт) мүшесі тұрақты мүше болып табылады, олар: төраға, төрағаның орынбасары және ғалым хатшы;

3.4.2. Кеңестің 3 (үш) мүшесі докторлық зерттеу саласына байланысты докторанттың диссертацияны қорғау кезеңінде уақытша сайланады.

3.5. Кеңестің кем дегенде 3 (үш) мүшесі басқа ЖЖБКБҰ, ғылыми және (немесе) басқа ұйымдардың өкілдері болып табылады.

3.6. Диссертациялық кеңестің құрамындағы мүшелердің бірі шетелдік ғалым болып табылады.

3.7. Кеңестің уақытша мүшелері ғылыми және клиникалық жұмыс жөніндегі проректормен келісу арқылы Диссертациялық кеңестің төрағасының ұсынымының негізінде ректордың бұйрығымен диссертация қорғалатын күнге кем дегенде 1 (бір) ай қалған мерзімде бекітіледі, бұл ретте кем дегенде 2 (екі) мүше диссертацияның бейініне сәйкес келуі тиіс.

3.8. Диссертациялық кеңестің уақытша мүшелері болып докторанттың ғылыми кеңесшілері, сондай-ақ докторантпен немесе оның ғылыми кеңесшісімен үлестес тұлғалары тағайындала алмайды, олар:



3.8.1. докторанттың жақын туыстары - ата-анасы, баласы (балалары), асырап алушысы (асырап алушылары), асырап алған баласы (балалары), туған және туыс аға-інісі мен әпке-сіңлісі, атасы, әжесі, немерелері;

3.8.2. докторант тапсырыс беруші немесе орындаушы (бірлесіп орындаушы) болып табылатын диссертация орындалған және (немесе) ғылыми-зерттеу жұмыстары орындалған ЖЖБҚБҰ және (немесе) ғылыми ұйымының құрылымдық бөлімшелерінің жетекшілері мен жұмыскерлері;

3.8.3. соңғы 3 (үш) жыл ішінде бірлесіп жарияланған мақалалар мен шолулардың бірлескен авторлары;

3.8.4 соңғы 3 (үш) жыл ішінде Комитет теріс шешім қабылдаған диссертация бойынша оң қорытынды берген ғылыми кеңесшілер немесе ресми рецензенттер болып табылатын мамандар.

3.9. Диссертациялық кеңестің кем дегенде 4 (төрт) мүшесінің соңғы 5 (бес) жылда рецензияланатын халықаралық ғылыми журналдарда – Clarivate Analytics компаниясының Journal Citation Reports деректері бойынша алғашқы 3 (үш) квартильге кіретін немесе Scopus деректер базасында бар, Кеңестің мамандығының бағыттарына сәйкес келетін ғылыми салалардың бірі бойынша кем дегенде 35 (отыз бес) CiteScore бойынша процентиль көрсеткіші бар, не болмаса Хирш индексі 2-ден кем емес кем дегенде 3 (үш) жарияланымы болуы тиіс.

3.10. Диссертациялық кеңестің құрамына кірмейді:

3.10.1. жанында Диссертациялық кеңес құрылған ЖЖБҚБҰ ректоры;

3.10.2. Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің қызметкерлері;

3.10.3. соңғы 5 (бес) жыл ішінде Комитет теріс шешім қабылдаған диссертациялар бойынша ғылыми кеңесшілер, жетекшілер болған мамандар.

3.11. Диссертациялық кеңестің тұрақты құрамы және оған енгізілетін өзгертулер, сондай-ақ Кеңестің төрағасы, төрағаның орынбасары және ғалым хатшысы Университеттің Ғылыми кеңесінің шешімі бойынша ректордың бұйрығымен бекітіледі.

3.12. Кеңесті құру туралы ақпарат Университет ректорының бұйрығы шығарылған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде Университеттің сайтында жарияланады.

3.13. Кеңесті тарату үшін негіздемелер:

3.13.1. докторантура кадрларын дайындаудың тиісті бағыттары бойынша білім беру қызметімен айналысу лицензиясынан айыру;

3.13.2. докторантура білім беру бағдарламасын аккредиттеу мерзімінің аяқталуы немесе қайтарып алу;

3.13.3. осы Қағиданың талаптары бұзып, 5 (бес) корғауды өткізу.

3.14. Кеңес таратылғаннан кейін осы Кеңестің білім беру бағдарламалары бойынша Кеңесті құру туралы өтіні кем дегенде 1 (бір) жылдан кейін беріледі.



3.15. Кеңестің осы Қағиданың талаптарын бұзуы Кеңестің тұрақты құрамын ауыстыру үшін негіздеме болып табылады (талаптарды бұзып, 3 (үш) қорғау өткізілген кезде).

4. Диссертациялық кеңестің жұмысын жүзеге асыру тәртібі

4.1. Диссертациялық кеңестің атқарымдары:

4.1.1. диссертацияны қорғау үшін құжаттарды қабылдау;

4.1.2. диссертациялық кеңестің уақытша мүшелерін тағайындау, қорғау күнін және ресми рецензенттерді белгілеу;

4.1.3. докторант авторға және дереккөзге сілтеме жасамай бөгде материалды (плагиат) пайдаланбағанын тексеру үшін Диссертациялық кеңестің мүшелерінің арасынан комиссия (бұдан әрі - Диссертациялық кеңестің комиссиясын) құру;

4.1.4. диссертацияны көпшілік алдында қорғау;

4.1.5. диссертация бойынша шешімдер қабылдау.

4.2. Төрағаның атқарымдары:

4.2.1. Кеңестің қызметіне жалпы жетекшілік етеді;

4.2.3. белгіленген талаптарға сәйкес диссертацияны қорғау құзыреттілігін қамтамасыз етеді;

4.2.4. Кеңестің қызметі үшін және жұмысын ұйымдастыру үшін жауапкершілік тартады.

4.3. Төраға орынбасарының атқарымдары:

4.3.1. төраға қорғалатын диссертациясы бойынша ғылыми кеңесші болған жағдайда, сондай-ақ болмаған жағдайда Төрағаның атқарымдарын орындайды.

4.4. Диссертациялық кеңестің ғалым хатшысының атқарымдары:

4.4.1. диссертацияны қорғауға қабылдау және қорғау процедураларын ұйымдастыру;

4.4.2. диссертацияны «Антиплагиат» жүйесі бойынша тексеруге жолдау, Университеттің кітапханасына, Қазақстан Республикасының Ұлттық академиялық кітапханасына және Қазақстан Республикасының Ұлттық кітапханасына тапсыру, ресми рецензенттерге жолдау;

4.4.3. Диссертациялық кеңестің қызметі бойынша корреспонденцияны жолдау;

4.4.4. материалдар мен ақпаратты Диссертациялық кеңестің сайтында жариялау;

4.4.5. Диссертациялық кеңестің отырысына дайындалу, соның ішінде бағдарламалық және техникалық құралдарды дайындау;

4.4.6. Диссертациялық кеңестің құжаттарын рәсімдеу;

4.4.7. Комитетке жолдау үшін құжаттардың пакетін дайындау.

Корреспонденция ғалым хатшының ресми корпоративтік поштасынан жіберіледі. Ғалым хатшының міндеттерін басқа тұлғаларға, соның ішінде докторантқа жүктеуге болмайды.

**4.5. Диссертациялық Кеңес мүшелерінің функциялары:****4.5.1. Диссертациялық кеңестің мүшелері:**

1. шынайы әрі толық мәліметтер береді;
2. диссертацияны қорғауға қатысы бар деректерді жасыруға жол бермейді;
3. ғылыми этиканы бұзатын фактілерге қатысты әрекет етеді;
4. шешім қабылдаған кезде қоғамдық пікірге, бір тараптың немесе үшінші тұлғалардың пікіріне мән бермейді;

5. мүдделердің шиеленісіне жол бермеу және реттеу бойынша шаралар қабылдайды;

6. қызметінің барысында Кеңестің басқа мүшелерінің, докторанттардың, ғылыми кеңесшілердің және ресми рецензенттердің абыройына нұқсан келтіретін, айыптайтын, тіл тигізетін өрескел сөздерді қолданбайды.

Осы тармақта көрсетілген талаптарды орындамаған жағдайда Диссертациялық кеңестің мүшесі оның құрамынан шығарылады.

4.5.2. Күнтізбелік жыл аяқталған кезде Диссертациялық кеңес Комитетке Диссертациялық кеңестің жұмысы туралы есепті осы Қағиданың 2-қосымшасына сәйкес тапсырады.

4.5.3. Диссертациялық кеңес докторант диссертациялық жұмыс түрінде ұсынылған диссертацияны немесе Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 31.03.2017 ж. № 127 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6951 тіркелген) бұйрығының 5-1 тармағының талаптарына сәйкес жариялаған мақалалар топтамасын қорғауын өткізеді.

4.5.4. Университет қамтамасыз етеді:

1. Диссертациялық кеңестің отырыстарын өткізу үшін және диссертацияны жария қорғау үшін, соның ішінде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды, бағдарламалық және техникалық құралдарды қолдану арқылы қорғау үшін жағдай жасау;

2. диссертацияда плагиатқа қарсы лицензиялық жүйелерде, соның ішінде халықаралық деректер базаларында тексеру;

3. Диссертациялық кеңестің қызметімен байланысты шығындарды өтеу, соның ішінде Диссертациялық кеңестің төрағасының, төраға орынбасарының және ғалым хатшысының қызметімен байланысты шығындарды және Диссертациялық кеңестің мүшелерінің іссапарлық шығындарын Университеттің өзіндік қаражатының есебінен өтеу.

5. Диссертацияға алдын ала сараптама жүргізу

5.1. Диссертация дербестік, ішкі бірлік, ғылыми жаңалық, шынайылық, тәжірибелік құндылық және академиялық әділдік қағидаларын ұстана отырып орындалуы тиіс.



5.2. Диссертациялық кеңес құжаттарды қорғауға қабылдағанға дейін докторанттың диссертациясы докторант оқыған кафедраның кеңейтілген отырысында (бұдан әрі - кеңейтілген отырыс) алдын ала талқылануы тиіс.

Басқа ЖЖБКБҰ докторанттары үшін диссертацияны алдын ала талқылау оқу орнының бейінді бөлімшесінің немесе ғылыми (академиялық) кеңесінің кеңейтілген отырысында жүргізіледі.

5.3. Диссертацияны докторант оқыған кафедрада алдын ала талқылауға ұсынбас бұрын докторант:

- 1) Университеттің магистратура және докторантура бөліміне тиісті арыз жазуы тиіс;
- 2) Университеттің кітапханасынан диссертацияның ЭОЖ алуы тиіс;
- 3) диссертацияның техникалық рәсімделуін Ұлттық мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптау орталығында (бұдан әрі – ҰМҒТСО) тексеруі тиіс (нормбақылау).

5.4. Диссертацияны докторант оқыған кафедраның кеңейтілген отырысында талқылау алдында докторант мынадай құжаттарды ұсынады:

- 1) брошюраланбаған диссертация;
- 2) отандық және шетелдік ғылыми кеңесшілердің пікірлері;
- 3) ғылыми жарияланымдардың тізімі және олардың көшірмелері;
- 4) Ғылыми кеңестің диссертациялық жұмыстың тақырыбын бекіту және ғылыми кеңесшілерді бекіту туралы хаттамасынан (бұйрығынан) үзінді көшірме;
- 5) диссертация бойынша бастапқы құжаттар (сарапшылардың сұратуы бойынша ұсынылады);
- 6) докторант оқыған ЖЖБКБҰ Этикалық комиссиясының ғылыми жұмысты жоспарлау, бағалау, зерттеу нысандарын іріктеу, зерттеу жұмыстарын жүргізу және ғылыми зерттеу нәтижелерін тарату барысында бұзылымдар болмағаны туралы, сонымен қатар құқықтар қорғалғаны, зерттеу нысандарының (тірі табиғат және тіршілік ортасының нысандары) қауіпсіздігі қамтамасыз етілгені туралы қорытындысы. Этикалық нормалар бұзылғаны анықталған жағдайда Кеңес бұзылымдарды түзету немесе диссертациялық жұмысты қорғаудан алып тастау мәселесін қарастырады.

5.5. Кеңейтілген отырыс өтуіне 1 (бір) ай қалған кезде диссертация докторанттың ғылыми зерттеуі саласында ғылыми дәрежесі (ғылымдар докторы, ғылымдар кандидаты, философия докторы (PhD), бейін бойынша доктор) немесе бейін бойынша доктор) немесе философия докторы (PhD), бейін бойынша доктор академиялық дәрежесі, не болмаса философия докторы (PhD), бейін бойынша доктор дәрежесі бар 2 (екі) маманға рецензия жасау үшін жолданылады.

5.6. Кеңейтілген отырысқа докторант оқыған кафедраның мүшелерінің кем дегенде 2/3 (үштен екі) бөлігі, рецензенттер, ғылыми кеңесшілер, сондай-ақ ЖЖБКБҰ сабақтас кафедраларының және (немесе) құрылымдық



бөлімшелерінің, ғылыми және басқа ұйымдардың өкілдері, тәжірибеленуші мамандар (қолданбалы сипаттағы диссертациялар үшін) қатысуы тиіс.

Ғылыми кеңесшілер (немесе ғылыми кеңесшілердің бірі) отырысқа қатыспаған жағдайда олардың пікірін кеңейтілген отырыстың төрағасы немесе хатшысы оқиды.

5.7. Диссертацияны қорғауға шығару туралы шешім дауыстардың қарапайым көпшілігімен қабылданады. Қорғауға ұсынылған диссертацияның тақырыбы бойынша ескертулерді докторант олармен келіскен жағдайда диссертацияны Диссертациялық кеңеске ұсынғанға дейін түзетеді.

5.8. Диссертацияны қорғау шығаруға ұсыну туралы қорытынды кеңейтілген отырыстың хаттамасынан үзінді көшірме түрінде рәсімделеді. Бұл үзінді көшірмеге отырыстың төрағасы мен хатшысы қол қояды және кеңсе бөлімінің мөрімен бекітіледі.

5.9. Үзінді көшірмеде қорғау шығарылатын диссертацияның негізгі қағидалары, сұрақтар, ғылыми кеңесшілер мен рецензенттердің сұрақтары, талқылау мен қорытынды, сондай-ақ ескертулер, ұсыныстар мен ұсынымдар көрсетілуі тиіс.

5.10. Кеңейтілген отырыс барысында оң қорытынды шығарылған жағдайда докторант Университеттің ректорының атына осы Қағиданың 4-қосымшасына сәйкес диссертациясын қорғайтын Диссертациялық кеңесті таңдағаны туралы арыз жазады.

5.11. Докторант басқа ЖЖБКБҰ-ң Диссертациялық кеңесін көрсеткен жағдайда 10 (он) жұмыс күні ішінде докторант оқыған ЖЖБКБҰ оның құжаттарын тиісті Диссертациялық кеңеске жолдайды.

5.12. Докторант диссертациясын қорғау үшін таңдаған ЖЖБКБҰ-де аталған ЖЖБКБҰ өз бетінше бекіткен тәртіпте кеңейтілген отырыс өтуі ықтимал.

5.13. Докторанттың арызының негізінде Университеттің ректоры диссертациялық жұмысты Кеңеске қарастыру үшін жолдайды.

6. Диссертацияны рәсімдеу ережелері

6.1. Диссертацияның мәтіні және оны рәсімдеу, соның ішінде диссертациялық жұмыстарда пайдаланылатын дәйексөз стилі Университеттің Ғылыми кеңесінде бекітілген Философия докторы (PhD), бейін бойынша доктор дәрежесін іздену үшін Диссертацияны рәсімдеу нұсқаулығының талаптарына сәйкес келуі тиіс.

7. Диссертацияны қорғауға жіберу үшін жарияланымдарға қойылатын талаптар

7.1. Философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін диссертацияның негізгі ғылыми нәтижелері Ғылыми қызметтің негізгі нәтижелерінің жариялау үшін ұсынылған ғылыми басылымдар тізбесіне (бұдан әрі – Басылымдар тізбесі) және



(немесе) халықаралық рецензияланатын ғылыми журналға енгізілген ғылыми басылымдарда диссертация қорғалғанға дейін жарияланады.

7.2. Диссертацияны қорғауға жіберу үшін жарияланымдарға қойылатын талаптар:

1) JCR деректері бойынша импакт-факторы бар және (немесе) Web of Science Core Collection деректер базасында индекстелетін (Arts and Humanities Citation Index, Science Citation Index Expanded, Social Sciences Citation Index бөлімдері) немесе CiteScore процентиль көрсеткіші **Scopus деректер базасында 25 (жиырма бестен) кем емес** халықаралық рецензияланатын ғылыми журналда кем дегенде **1 (бір) мақала (article)** немесе **шолу (review)** және Басылымдар тізбесіндегі журналда мақаласы (мақалалары) болуы тиіс;

2) не болмаса Web of Science Core Collection деректер базасында индекстелетін (Arts and Humanities Citation Index бөлімі) және (немесе) JCR деректері бойынша импакт-факторы бойынша **алғашқы үш квартильге кіретін** немесе CiteScore бойынша процентилі **Scopus деректер базасында 35 (отыз бестен) кем емес** халықаралық рецензияланатын ғылыми журналдарда кем дегенде **2 (екі) мақаласы (article)** немесе **1 (бір) мақаласы (article)** мен **1 (бір) шолу (review)** болуы тиіс;

3) не болмаса Elsevier, Brill, CRC Press, DeGruyter, Edward Elgar Publishing, John Wiley & Sons, McGraw Hill, Palgrave Macmillan, Peter Lang, Prentice Hall, Routledge, Sage Publications, Springer Nature, Taylor and Francis, Wolters Kluwer басылымдарында немесе топ-100 рейтингіне кіретін университеттердің: US News Best Global Universities Rankings немесе Academic Ranking of World Universities немесе Times Higher Education World University басылымында жарияланған **монографияда бөлімі болуы тиіс (докторантқа кем дегенде 1 баспа парағы тиесілі болуы тиіс)** (бұдан әрі – сенімді басылым);

4) не болмаса JCR деректері бойынша алғашқы екі квартилінде импакт-факторы бар немесе CiteScore бойынша процентилі **Scopus деректер базасында 35 (отыз бестен) кем емес** халықаралық рецензияланатын ғылыми журналда кем дегенде **1 (бір) мақаласы (article)** және JCR деректері бойынша импакт-факторы бар және Web of Science Core Collection деректер базасында индекстелетін халықаралық ғылыми конференция материалдарында **1 (бір) мақаласы (Conference paper)** болуы тиіс.

7.3. Халықаралық рецензияланатын ғылыми журналдардағы, конференцияның жинақтарындағы жарияланымдар диссертацияның мазмұнына және аталған базаларда мәлімделген журнал мен конференцияның тақырыптық бағытына сәйкес келеді, журналдың ресми сайтында жарияланады, Article (Мақала), Review (Шолу) немесе Article in Press (Басылымдағы мақала), Conference Paper, Proceedings типі бар. Пәнаралық бағыты (Multidisciplinary, Interdisciplinary), General, Miscellaneous бар халықаралық рецензияланатын ғылыми журналдарда жариялауға болады.

	«ҚазРесеймедуниверситеті» МЕМБМ	12 беті 41 беттен	
---	---------------------------------	-------------------	--

7.4. JCR (ЖСР) деректері бойынша импакт-факторы бойынша бірінші квартильге кіретін журналда бір мақала болған жағдайда басқа жарияланымдар талап етілмейді.

7.5. Халықаралық рецензияланатын ғылыми журналдарда ғылыми мақалалар болған жағдайда Ережелерге сәйкес, осындай журналдағы 1 (бір) мақала уәкілетті орган ұсынған басылымдардағы 2 (екі) мақала сияқты ескеріледі.

7.6 Басылымдар тізбесіне кіретін журналдарда жарияланған мақалалардың саны 1, 2, 3 тізімдегі журналдағы жарияланымға байланысты ескеріледі. Журнал 1-ші тізімге енгізілген кезде 1 (бір) мақала болғаны жеткілікті, 2-ші тізімге енгізілген кезде 2 (екі) мақала болғаны, 3-ші тізімге енгізілген кезде 3 (үш) мақала болғаны жеткілікті.

8. Диссертацияны қорғауға қабылдау

8.1. Диссертация мынадай түрлердің бірінше ұсынылады:

- 1) диссертациялық жұмыс түрінде;
- 2) диссертацияның мазмұнына сәйкес келетін ғылыми салалардың бірі бойынша Clarivate Analytics компаниясының Journal Citation Reports деректері бойынша импакт-факторы бойынша бірінші және (немесе) екінші квартильге кіретін басылымдарда жарияланған 2 (екі) мақала мен 1 (бір) шолудан немесе 3 (үш) мақаладан тұратын топтама түрінде. Мақалалардың бірінде докторант бірінші автор немесе корреспонденция үшін автор болуы тиіс.

Диссертациялық жұмыс қазақ, орыс немесе ағылшын тілінде ұсынылады.

8.2. Диссертациялық кеңеске мынадай құжаттар тапсырылады:

- 1) арыз (үлгі);
- 2) отандық және шетелдік ғылыми кеңесшілердің пікірлері;
- 3) докторант оқыған кафедраның кеңейтілген отырысының он қорытындысы;
- 4) қатты мұқабадағы және электрондық түрдегі диссертациялық жұмыс (диссертациялық жұмыс түрінде қорғалатын жағдайда);
- 5) қазақ, орыс, ағылшын тілдеріндегі андатпа. Андатпада диссертациялық зерттеудің тақырыбы мен мақсаты, зерттеу тапсырмалары, зерттеу әдістері, қорғауға шығарылатын негізгі қағидалар, зерттеу нәтижелерінің сипаттамасы, алынған нәтижелердің жаңалығы мен маңыздылығын негіздеу, ғылымның даму бағыттарына немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі, докторанттың әр жарияланымды дайындауға қосқан үлесі сипатталады (10-қосымшаға сәйкес үлгі бойынша);
- 6) ғылыми еңбектердің тізімі және олардың ғалым хатшы куәландырған көшірмелері (үлгі);

7) докторант оқыған ЖЖБКБҰ Этикалық комиссиясының ғылыми жұмысты жоспарлау, бағалау, зерттеу нысандарын іріктеу, зерттеу жұмыстарын жүргізу

P-00-00-0	Диссертациялық кеңес туралы қағида	01 басылым
-----------	------------------------------------	------------



және ғылыми зерттеу нәтижелерін тарату барысында бұзылулар болмағаны туралы, сонымен қатар құқықтар қорғалғаны, зерттеу нысандарының (тірі табиғат және тіршілік ортасының нысандары) қауіпсіздігі қамтамасыз етілгені туралы қорытындысы (6-қосымшаға сәйкес үлгі бойынша);

8) Университеттің Ғылыми кеңесінің отырысының хаттамасынан үзінді көшірме және (немесе) диссертациялық жұмыстың тақырыбын бекіту және ғылыми кеңесшілерді бекіту туралы бұйрық;

9) Транскрипт;

10) Университеттің ғылыми кітапханасынан немесе ҰМҒТСО-дан халықаралық ғылыми басылымдарда жарияланымдар бар екені туралы анықтама.

8.3. Құжаттарды Кеңестің ғалым хатшысы қабылдайды, тіркейді және 2 (екі) жұмыс күнінен аспайтын мерзім ішінде Кеңеске ұсынады.

8.4. Диссертациялық кеңестің диссертацияны қорғауға қабылдау жөніндегі отырысында Диссертациялық кеңестің тұрақты құрамы осы Қағиданың 4.4-тармағының талаптарына сәйкес тағайындалады.

8.5. Құжаттар қабылданған күннен бастап 10 (он) жұмыс күнінен кешіктірмей, Диссертациялық кеңес диссертация қорғалатын күнді белгілейді және ғылыми дәрежесі (ғылымдар докторы, ғылымдар кандидаты, философия докторы (PhD), бейін бойынша доктор) немесе философия докторы (PhD), бейін бойынша доктор академиялық дәрежесі немесе философия докторы (PhD), бейін бойынша доктор дәрежесі бар 2 (екі) ресми рецензентті тағайындайды. Рецензенттерде Комитеттің Басылымдар тізбесіне және/немесе Web of Science Core Collection немесе Scopus деректер базасына енгізілген журналдарда докторанттың зерттеу саласына сәйкес келетін 5 (бес) ғылыми мақаласы немесе 1 (бір) монографиясы (жеке өзі жазған) болуы тиіс.

8.6. Қорғау күні тағайындалған күннен бастап 3 (үш) айдан аспауы тиіс. Қорғау күнін тағайындаған кезде докторанттардың құжаттарының келіп түсу кезектілігі сақталуы тиіс.

8.7. Ресми рецензенттерді тағайындаған кезде Диссертациялық кеңес рецензенттердің, ғылыми кеңесшілердің бір-біріне тәуелсіздік қағидасын басшылыққа алады.

Ресми рецензенттер болып тағайындалмайды:

- 1) Комитеттің қызметкерлері;
- 2) диссертацияның тақырыбы бойынша жарияланған жұмыстар бойынша докторантпен бірлескен авторлар;
- 3) диссертация орындалған және (немесе) докторант тапсырыс беруші немесе орындаушы (бірлескен орындаушы) болып табылатын ЖЖБҚБҰ және (немесе) ғылыми ұйымның құрылымдық бөлімшелерінің жетекшілері мен жұмыскерлері;



4) соңғы 3 (үш) жыл ішінде Комитет теріс шешім қабылдаған диссертация бойынша оң қорытынды шығарған ғылыми кеңесшілер немесе ресми рецензенттер болған мамандар;

5) докторанттың жақын туыстары – ата-анасы, баласы (балалары), асырап алушысы (асырап алушылары), асырап алған баласы (балалары), туған және туыс аға-інісі мен әпке-сіңлісі, атасы, әжесі, немерелері.

8.8. Диссертациялық кеңес Университеттің сайтына мынадай материалдарды жариялайды (мемлекеттік құпиялар немесе қызметтік пайдалануға арналған мәліметтер келтірілген материалдар мен диссертациялардан басқасы):

докторанттардың қорғауы туралы:

1) докторант, Диссертациялық кеңестің уақытша мүшелері мен ресми рецензенттер туралы ақпарат, диссертацияны ұсыну нысаны, қорғау өтетін мекен-жай, күні мен уақыты көрсету арқылы алдағы уақытта өтетін қорғау туралы хабарлама (қорғау белгіленген күнге дейін 1 (бір) ай қалғанда), тұрақты негізде қолжетімді);

2) диссертация (қорғау белгіленген күнге дейін 1 (бір) ай қалғанда), сондай-ақ Диссертациялық кеңестің ескертулері бойынша толықтырылған, негізгі бетте тиісті белгі қойылған нұсқалары (тұрақты негізде қолжетімді);

3) қазақ, орыс, ағылшын тілдеріндегі және көлемі кем дегенде 16 (он алты) парақтан тұратын аңдатпа (қорғау белгіленген күнге дейін 1 (бір) ай қалғанда) (10-қосымшаға сәйкес үлгі бойынша);

4) докторанттың жарияланымдарының тізімі (қорғау белгіленген күнге дейін 1 (бір) ай қалғанда) (9- қосымшаға сәйкес үлгі бойынша);

5) ғылыми кеңесшілердің пікірлері (қорғау белгіленген күнге дейін 1 (бір) ай қалғанда) (8-қосымшаға сәйкес үлгі бойынша);

6) ресми рецензенттердің пікірлері (қорғау белгіленген күнге дейін 5 (бес) жұмыс күні қалғанда) (7-қосымшаға сәйкес үлгі бойынша);

7) қорғаудың толық көлемдегі видеожазбасы, монтаждауға болмайды (қорғау өткеннен кейін 5 (бес) жұмыс күні ішінде жарияланады және қорғаудан кейін кем дегенде 5 (бес) ай бойы қолжетімді);

8) Диссертациялық кеңестің диссертациялық жұмысты толықтыруға жіберу, қайта қорғауға жіберу немесе философия докторы (PhD), бейін бойынша доктор дәрежесін беруден бас тарту туралы қорытындысы (қорғаудан кейін 5 (бес) жұмыс күні ішінде жарияланады және қорғаудан кейін 5 (бес) ай ішінде қолжетімді);

9) апелляциялық комиссияның шешімі (егер болса, шешім қабылданғаннан кейін 5 (бес) жұмыс күні ішінде жарияланады және қорғаудан кейін 5 (бес) ай ішінде қолжетімді);

10) қорғауды өткізу күні, уақыты, орны өзгергені туралы және ресми рецензенттер ауыстырылғаны туралы хабарландыру (егер болса);



11) бөтен адамның еңбегін пайдаланғанын анықтайтын, соның ішінде халықаралық деректер базалары арқылы анықтайтын және әрекет ету мерзімі көрсетілген лицензиялық жүйе бар екені туралы ақпарат;

12) докторант оқыған ЖЖБКБҰ Этикалық комиссиясының ғылыми жұмысты жоспарлау, бағалау, зерттеу нысандарын іріктеу, зерттеу жұмыстарын жүргізу және ғылыми зерттеу нәтижелерін тарату барысында бұзылымдар болмағаны туралы, сонымен қатар құқықтар қорғалғаны, зерттеу нысандарының (тірі табиғат және тіршілік ортасының нысандары) қауіпсіздігі қамтамасыз етілгені туралы қорытындысы (6-қосымшаға сәйкес үлгі бойынша);

13) Диссертациялық кеңестің отырыстарын видеоконференция түрінде online (онлайн) өткізуді ұйымдастыру туралы ақпарат.

Кеңестің қызметі туралы:

14) Диссертациялық кеңестің құрамы туралы және Диссертациялық кеңестің қызмет ету тәртібі туралы ақпарат (1-қосымшаға сәйкес үлгі бойынша);

15) Диссертациялық кеңестің жұмысы туралы есеп (2-қосымшаға сәйкес үлгі бойынша) (күнтізбелік жыл аяқталғаннан кейін 15 (он бес) жұмыс күні ішінде жарияланады);

16) Диссертациялық кеңес философия докторы (PhD), бейін бойынша доктор дәрежелерін беру (беруден бас тарту) туралы қабылдаған шешімдері туралы тоқсан сайынғы есеп (3-қосымшаға сәйкес үлгі бойынша).

Тоқсан сайынғы есеп тоқсан аяқталғаннан кейін 5 (бес) жұмыс күні ішінде жарияланады және Диссертациялық кеңес қызмет ететін кезең ішінде қолжетімді.

8.9. Диссертациялық жұмыс Университеттің интернет-ресурсында жарияланғаннан кейін және/немесе қабылданғаннан кейін (мемлекеттік құпиялар немесе қызметтік пайдалануға арналған мәліметтер келтірілген диссертациялар қорғалған жағдайда) диссертацияға өзгертулер енгізуге болмайды. Диссертациялық жұмыс толықтырылған жағдайда оның кесімді нұсқасы докторантқа философия докторы (PhD) немесе бейін бойынша доктор дәрежесін беру туралы шешім қабылданғаннан кейін Университеттің Диссертациялық кеңесінің сайтында «Диссертациялық жұмыстың кесімді нұсқасы» деген белгімен жарияланады.

8.10. Университеттің Диссертациялық кеңестің сайтында диссертацияның мазмұны бойынша бейресми пікірлер жарияланады және қорғау барысында ұсынылады. Авторлықты анықтау мүмкін емес және автордың электрондық мекенжайы көрсетілмеген бейресми пікірлер диссертацияны қорғау барысында ұсынылмайды.

8.11. Алда өтетін қорғау туралы хабарламаны Диссертациялық кеңес Комитетке қорғауға дейін 5 (бес) жұмыс күні ішінде жолдайды.

Ерекше мәртебесі жоқ ЖЖБКБҰ жанындағы Диссертациялық кеңестерде қорғау өтетіні туралы хабарлама Комитеттің интернет-ресурсында келіп түскен



күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде жарияланады (мемлекеттік құпиялар немесе қызметтік пайдалануға арналған мәліметтер келтірілген материалдар мен диссертациялардан басқасы).

8.12. Диссертация қорғауға қабылданғаннан кейін 10 (он) жұмыс күні ішінде Диссертациялық кеңес докторанттың плагиатты пайдаланбағанын отандық және халықаралық деректер базалары бойынша тексеру үшін «Ұлттық мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптама орталығы» акционерлік қоғамына (бұдан әрі - ҰМҒТСО) жолдайды. Негізгі бет пен пайдаланылған дереккөздер тізімі плагиатқа тексерілмейді.

Диссертация келіп түскеннен кейін 10 (он) жұмыс күні ішінде ҰМҒТСО диссертацияның мәтінін өзінің интернет-ресурсында ашық қолжетімдікпен жариялануды камтамасыз етеді.

Мемлекеттік құпиялар немесе қызметтік пайдалануға арналған мәліметтер келтірілген диссертацияларды докторанттың авторға және дереккөзге сілтеме жасамай, басқа біреудің еңбегін пайдаланбағанын тексеру ҰМҒТСО-да жүргізіледі

8.13. Диссертацияның қағаз және (немесе) электрондық тасығыштарындағы данасы Университеттің кітапханасына тапсырылады.

8.14. Қорғау өткеннен кейін 7 (жеті) жұмыс күні ішінде диссертацияның электрондық тасығышындағы даналарын Диссертациялық кеңестің ғалым хатшысы Қазақстан Республикасының Ұлттық академиялық кітапханасына және Қазақстан Республикасының Ұлттық кітапханасына жолдайды (мемлекеттік құпиялар немесе қызметтік пайдалануға арналған мәліметтер келтірілген диссертациялардан басқасы).

8.15. Диссертация мен жарияланған жұмыстарды зерделеудің негізінде ресми рецензенттер Диссертациялық кеңеске жазбаша пікірлер ұсынады (7-қосымшаға сәйкес үлгі бойынша).

8.16. Диссертация мақалалардың топтамасы түрінде қорғалған жағдайда ресми рецензенттер докторанттың зерттеу тақырыбы бойынша әр мақаласының ғылыми деңгейіне қатысты түсіндірме береді. Егер мақаланың 2/3 (үштен екі) және одан артық бөлігінің мазмұны докторанттың зерттеу тақырыбымен байланысты болмаса, онда ресми рецензент мақаланы ескермейді.

8.17. Ресми рецензенттер өз пікірлерінде мына шешімдердің бірін көрсетеді:

1) докторантқа философия докторы (PhD) немесе бейін бойынша доктор дәрежесін беру туралы Комитетке өтінішхат беру;

2) диссертация 4-тармаққа және (немесе) Дәрежелерді беру қағидаларына (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 31.03.2011 ж. № 127 бұйрығымен бекітілген) (бұдан әрі - Қағидалар) сәйкес келмеген жағдайда және (немесе) Қағидалардың 5-тармағында көрсетілген қағидаларға ішінара сәйкес келген жағдайда) (академиялық адалдық қағидасын ескермегенде) және (немесе)

	«ҚазРесеймедуниверситеті» МЕМБМ	17 беті 41 беттен	
---	---------------------------------	-------------------	--

түзету талап етілетін ескертулер болған жағдайда диссертацияны түзетуге жолдау;

3) диссертация мақалалар топтамасы түрінде қорғалған жағдайда диссертация түзетуге жіберілмейді;

4) академиялық адалдық қағидасы бұзылған жағдайда немесе диссертация ғылыми жаңалық, ішкі бірлік және шынайылық қағидаларына сәйкес келмеген жағдайда докторантқа философия докторы (PhD) немесе бейін бойынша доктор дәрежесін беруден бас тарту.

8.18. Ресми рецензенттердің пікірлерінің көшірмелері докторантқа диссертацияны қорғауға дейін 5 (бес) жұмыс күнінен кешіктірмей ұсынылады.

8.19. Ресми рецензенттер жазбаша түрде бас тартқан жағдайда немесе рецензиялау мүмкін болмаған жағдайда ауыстырылады. Ресми рецензентті ауыстыру туралы шешім 5 (бес) жұмыс күнінен кем мерзім ішінде қабылданған жағдайда қорғау күні басқа күнге ауыстырылады.

8.20. ҰМҒТСО анықтамасында, ресми рецензенттердің пікірлерінде және Университеттің сайтындағы бейресми пікірлерде көрсетілген плагиат факті болған жағдайда Диссертациялық кеңестің Комиссиясы диссертацияны плагиатқа тексереді. Тексеру нәтижелері туралы қорытынды Диссертациялық кеңеске диссертацияны қорғауға дейін 8 (сегіз) жұмыс күнінен кешіктірмей ұсынылады.

8.21. Диссертациялық кеңес Комиссиясының қорытындысының негізінде Диссертациялық кеңес докторантты қорғауға жіберу туралы шешім қабылдайды (қорғауға дейін 7 (жеті) жұмыс күнінен кешіктірмей) немесе диссертацияны қорғаудан алып тастайды. Қабылданған шешім туралы Диссертациялық кеңес докторантқа 2 (екі) жұмыс күні ішінде хабарлайды, сондай-ақ тиісті ақпарат Университеттің сайтында жарияланады (мемлекеттік құпиялар немесе қызметтік пайдалануға арналған мәліметтер келтірілген диссертацияларды қорғауды ескермегенде).

Диссертацияны қорғауға дейін 7 (жеті) жұмыс күні қалған мерзімнен кешіктірмей, докторант диссертацияны қорғаудан алып тастай алады.

8.22. Диссертациялық кеңестің төрағасы, төрағаның орынбасары мен ғалым хатшысы докторанттың ғылыми кеңесшілері болған жағдайда олар Диссертациялық кеңестің отырысында өз міндеттерін орындай алмайды. Диссертациялық кеңестің шешімімен Диссертациялық кеңестің төрағасының міндеттері төрағаның орынбасарына жүктелуі мүмкін, төрағаның орынбасары мен ғалым хатшының міндеттері басқа мүшелерге жүктелуі мүмкін.

8.23. Диссертациялық кеңестің төрағасы, төрағасының орынбасары мен ғалым хатшысы бір мезгілде болмаған жағдайда отырыс өткізілмейді.

8.24. Диссертациялық кеңес диссертацияны қорғаудың видеожазбасын толық көлемде қамтамасыз етеді, монтаж жасауға болмайды.

P-00-00-0	Диссертациялық кеңес туралы қағида	01 басылым
-----------	------------------------------------	------------



9. Диссертацияны қорғау кезіндегі Кеңес жұмысының тәртібі

9.1. Егер Диссертациялық кеңестің мүшелерінің кем дегенде 2/3 (үштен екі) бөлігі қатысса, онда отырыс құзыретті болып есептеледі. Отырысқа Диссертациялық кеңестің ресми рецензенттері мен уақытша мүшелері міндетті түрде қатысуы тиіс.

9.2. Диссертациялық кеңестің мүшелері мен ресми рецензенттеріне қорғауға видеоконференция арқылы қатысуға рұқсат етіледі.

9.3. Диссертацияны көпшілік алдында қорғау интернет желісіне тікелей онлайн трансляциялау режимінде жүргізіледі.

9.4. Диссертациялық кеңестің отырысы видеоконференция түрінде өткен кезде қамтамасыз етіледі:

- отырысқа қатысушыларды визуалдық сәйкестендіру;
- отырысқа қатысушылардың сөз сөйлеуін үздіксіз видео- және аудиотрансляциялау арқылы интернет желісіне трансляциялау;
- отырыстың видео- және аудиожазбасын жүргізу;
- Диссертациялық кеңес мүшелерінің жасырын дауыс беруі.

9.5. Кеңес мүшелерінің отырысқа тікелей қатысуы отырысқа келу парағымен расталады (үлгісі 12-қосымшаға сәйкес).

9.6. Кеңестің жұмыс материалдары ғалым хатшыда 3 (үш) жыл бойы сақталады.

9.7. Диссертациялық кеңестің отырысы хаттамамен рәсімделеді.

9.8. Мемлекеттік құпиялар немесе қызметтік пайдалануға арналған мәліметтер келтірілген диссертациялар қорғалған жағдайда Диссертациялық кеңестің мүшелері мен рецензенттер отырысқа видеоконференция арқылы қатыса алмайды, сондай-ақ интернетке трансляциялауға рұқсат етілмейді.

9.9. Кеңестің төрағасы, төрағаның орынбасары мен ғалым хатшысы докторанттың ғылыми кеңесшілері болған жағдайда олар Кеңестің отырысында өз міндеттерін орындай алмайды.

9.10. Кеңестің шешімімен Кеңес төрағасының міндеттері төрағаның орынбасарына, ал төрағаның орынбасары мен ғалым хатшының міндеттері Кеңестің басқа мүшелеріне жүктелуі мүмкін.

9.11. Кеңестің төрағасы, төрағаның орынбасары мен ғалым хатшы бір мезгілде болмаған жағдайда отырыс өткізілмейді;

9.12. Ресми рецензенттердің бірі (дәлелді себеппен) болмаған жағдайда ғалым хатшы оның пікірін ескереді.

9.13. Отырысқа тәжірибелік саланың шақыртылған мамандарын шақыруға болады (егер диссертацияның қолданбалы сипаты болса).

9.14. Диссертациялық кеңес отырысы видеоконференция түрінде өтетіні туралы Диссертациялық кеңес докторантқа, ресми рецензенттерге диссертацияны қорғауға дейін кем дегенде 5 (бес) жұмыс күні қалған кезде



электрондық пошта арқылы және Кеңестің сайтына жариялау арқылы хабарлайды.

9.15. Диссертациялық кеңестің диссертацияны қорғау жөніндегі процедурасына кіреді:

1) төрағаның кворум, отырысты өткізу құзыреттілігі және күн тәртібін жариялау туралы кіріспе сөз;

2) докторанттың құжаттары нормативтік талаптарға сәйкес келетінін жариялау үшін, ғылыми жарияланымдардың толықтығы мен сәйкестігін көрсету арқылы ғалым хатшының сөз сөйлеуі;

3) докторанттың сөз сөйлеуі (20 минутқа дейінгі баяндама);

4) докторантқа қойылған сұрақтар, докторанттың жауаптары;

5) ғылыми кеңесшілердің сөз сөйлеуі;

6) ресми рецензенттердің сөз сөйлеуі;

7) ресми рецензенттердің ескертулеріне докторант берген жауаптар және олардың ұсынымдары бойынша қорытындылар;

8) Кеңес мүшелерінің пікірталасы;

9) докторанттың қорытынды сөзі;

10) Кеңестің құрамында 3 адамнан тұратын есеп комиссиясының (тікелей қатысатын) мүшелерін сайлау, төрағаны ескермегенде;

11) докторантқа дәреже беру бойынша және докторантты 4-баллдық жүйеге сәйкес келетін цифрлық балама бойынша бағалауға катысты жасырын дауыс беру;

12) есеп комиссиясы төрағасының жасырын дауыс беру нәтижелері туралы сөз сөйлеуі, есеп комиссиясының хаттамасын бекіту;

13) диссертацияны көпшілік алдында қорғау нәтижелерін жариялау;

14) диссертацияны қорғау негізінде диссертация бойынша біліктілік белгілерін және Кеңестің қорытындысын қабылдау.

9.16. Мына шешімдердің бірін қабылдау үшін Диссертациялық кеңес жасырын дауыс береді:

1) докторантқа философия докторы (PhD) немесе бейін бойынша доктор дәрежесін беру үшін Комитетке өтініш беру;

2) диссертацияны толықтыруға жіберу (диссертация диссертациялық жұмыс түрінде қорғалған жағдайда ғана);

3) диссертацияны қайта қорғауға жіберу;

4) докторантқа философия докторы (PhD) немесе бейін бойынша доктор дәрежесін беру үшін Комитетке өтініш беруден бас тарту.

9.17. Егер диссертациялық жұмыстың мәтіні бойынша болмашы ескертулер болса және оларды түзету жұмыстың мәнін өзгертпесе, онда диссертациялық жұмыс толықтыруға жіберіледі. Диссертация Дәрежелерді беру қағидаларының (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 31.03.2011 ж. № 127 бұйрығымен бекітілген) (бұдан әрі – Қағидалар) 4 және (немесе) 6 тармағына



сәйкес келмеген жағдайда және (немесе) Ережелердің 5-тармағында көрсетілген қағидаларына ішінара сәйкес келген жағдайда (академиялық адалдық қағидасын ескермегенде) ол қайта қорғауға жіберіледі. Академиялық адалдық қағидасы бұзылған жағдайда немесе ғылыми жаңалық, ішкі бірлік, шынайылық қағидаларына сәйкес келмеген жағдайда философия докторы (PhD) немесе бейін бойынша доктор дәрежесін беруден бас тарту туралы шешім қабылданады.

9.18. Докторанттың ғылыми кеңесшілері тікелей жетекшілері немесе жақын туыстары болып табылатын Диссертациялық кеңестің мүшелері, сондай-ақ шақыртылған мамандар дауыс беруге қатыспайды.

Жасырын дауыс беруге ресми рецензенттер қатысады, олардың дауыстары Диссертациялық кеңестің мүшелерінің дауыстарына тең.

9.19. Егер дауыс беруге қатысатын тұлғалардың $3/4$ (төрттен үш) және одан артық бөлігі дауыс берсе, онда докторантқа философия докторы (PhD) немесе бейін бойынша доктор дәрежесін беру туралы Комитетке өтініш беру туралы шешім қабылданды деп есептеледі.

9.20. Егер дауыс беруге қатысатын тұлғалардың $3/4$ (төрттен үш) және одан артық бөлігі дауыс берсе, онда докторантқа философия докторы (PhD) немесе бейін бойынша доктор дәрежесін беру туралы, диссертацияны толықтыруға немесе қайта қорғауға жіберу туралы шешім қабылданды деп есептеледі. Егер дауыстардың аталған саны жиналмаса, онда жасырын дауыс беру өткізіледі, және дауыс беру кезінде дауыс беруге қатысқан тұлғалардың көбісі дауыс берген жағдайда диссертацияны толықтыруға немесе қайта қорғауға жіберу туралы шешім қабылданады.

9.21. Диссертацияны қайта қорғау жіберу туралы немесе докторантқа философия докторы (PhD) немесе бейін бойынша доктор дәрежесін беру туралы шешім қабылданған жағдайда Диссертациялық кеңес қорытынды шығарады және диссертация Диссертациялық кеңес туралы үлгілік қағиданың және Дәрежелер беру туралы ережелердің қандай талаптарына сәйкес келетінін көрсетеді.

9.22. Диссертациялық жұмысты қайта қорғау осы Қағидада белгіленген тәртіпте өткен алғашқы қорғаудан кейін 6 (алты) ай өткен мерзімнен кешіктірмей өткізіледі. Диссертациялық кеңестің уақытша мүшелері мен ресми рецензенттерінің құрамы сақталады. Диссертация қайта қорғауға 2 (екі) реттен асырмай жіберіледі.

9.23. Диссертацияны түзетуге жіберу туралы шешім қабылданған кезде Диссертациялық кеңес жұмыс бойынша нақты ескертулер келтірілген қорытынды шығарады.

9.24. Толықтырылған диссертациялық жұмыс Диссертациялық кеңеске 3 (үш) айдан аспайтын мерзімге созылуы мүмкін. Диссертацияны толықтыру мерзімін ұзарту туралы шешімді Диссертациялық кеңес докторанттың арызының



негізінде қабылдайды. Толықтырылған диссертациялық жұмыс белгіленген мерзім ішінде ұсынылмаған жағдайда докторант қайта қорғаудан өтеді.

Докторант Диссертациялық кеңестің ескертулерімен толық немесе ішінара келіспеген жағдайда ол осы ескертулерге дәлелді жауаптар береді.

9.25. Толықтырылған диссертациялық жұмыс плагиатқа тексеру үшін ҰМҒТСО-ға жолданады. ҰМҒТСО-ң анықтамасын алғаннан кейін Диссертациялық кеңес ресми рецензенттермен бірге толықтырылған диссертациялық жұмысты талқылау бойынша және ескертулерге берілген жауаптар бойынша Диссертациялық кеңестің ескертулерін түзету үшін отырыс өткізеді. Отырыс осы Қағиданың 10.1-тармақшасында көрсетілген тәртіпте өткізіледі. Бұл ретте отырыстың видеожазбасы интернетте онлайн трансляцияламай жүргізіледі.

Талқылағаннан кейін дауыстардың қарапайым көпшілігімен жасырын дауыс беру арқылы докторантқа дәреже беру туралы немесе диссертацияны қайта қорғауға жіберу туралы шешім қабылданады.

9.26. Диссертациялық кеңестің ғалым хатшысы докторанттың аттестациялық ісін қалыптастырады және докторлық диссертацияны Диссертациялық кеңесте қорғағаннан кейін 30 (отыз) күнтізбелік күн ішінде аттестациялық ісін Комитетке жолдайды. Докторанттың аттестациялық ісінде мынадай құжаттар қоса беріледі:

1) Диссертациялық кеңес құрылған ЖЖБҚБҰ бланкінде жазылған, Диссертациялық кеңестің төрағасы қол қойған, диссертация ҰМҒТСО-ға жіберілген күн көрсетілген ілеспе хат-өтінішхат (мемлекеттік құпиялар немесе қызметтік пайдалануға арналған мәліметтер келтірілген диссертацияларды ескермегенде);

2) электрондық тасығыштағы диссертация. Мемлекеттік құпиялар немесе қызметтік пайдалануға арналған мәліметтер келтірілген диссертация қағаз түрінде ұсынылады;

3) диссертацияның тақырыбы бойынша ғылыми жарияланымдардың тізімі мен көшірмелері;

4) жеке тұлғаны куәландыратын құжаттың көшірмесі;

5) диссертацияны плагиатқа тексеру бойынша ҰМҒТСО анықтамасы;

6) Диссертациялық кеңес мүшелерінің келу парағы (12-қосымшаға сәйкес үлгі бойынша);

7) толық көлемдегі бейнежазба және Диссертациялық кеңестің диссертацияны қорғау және толықтырылған (қажет болса) диссертациялық жұмысты талқылау жөніндегі отырысының төраға мен ғалым хатшы қол қойған хаттамасы;

8) докторантураның кәсіби оқу бағдарламасын меңгергені туралы транскрипттің көшірмесі;

9) докторант туралы мәліметтер (11-қосымшаға сәйкес үлгі бойынша);

	«ҚазРесеймедуниверситеті» МЕМБМ	22 беті 41 беттен	
---	---------------------------------	-------------------	--

9.27. Жоғарыда 1), 3), 4), 5), 6), 8) және 9) тармақшаларда көрсетілген құжаттар Комитетке "пдф (pdf)" форматында сканерленген түрде тапсырылады (мемлекеттік құпиялар немесе қызметтік пайдалануға арналған мәліметтер келтірілген аттестациялық істерін ескермегенде).

9.28. Комитета немесе Диссертациялық кеңес теріс шешім қабылдаған диссертация осы Қағиданың 10 т. белгіленген тәртіпте қайта қорғауға жіберіледі.

9.29. Диссертация қайта қорғау жолданған жағдайда Диссертациялық кеңес диссертацияның бұрын анықталған бұзылымдары түзетілгені туралы қытынды шығаратын Диссертациялық кеңестің 3 (үш) мүшені тағайындайды.

Қорытынды қорғау өтетін күнге кем дегенде 10 (он) жұмыс күні қалған мерзімнен кешіктірмей, Университеттің интернет-ресурсында жарияланады және диссертацияны қорғау кезінде оқылады.

10. Апелляция

10.1. Диссертациялық кеңес пен Комитеттің докторантқа философия докторы (PhD), бейін бойынша доктор дәрежесін беруден бас тарту туралы шешіміне қатысты докторант осындай бұйрық шығарылған күннен бастап 60 (алпыс) күнтізбелік күн ішінде апелляция бере алады. Апелляция докторантқа философия докторы (PhD), бейін бойынша доктор дәрежесін беруден бас тарту туралы шешім қабылдаған Диссертациялық кеңеске немесе Комитетке беріледі. Аталған мерзім аяқталғаннан кейін апелляция қарастыруға қабылданбайды.

10.2. Докторантқа философия докторы (PhD), бейін бойынша доктор дәрежесін беруге қатысты мәселе бойынша туындаған дауды сотқа дейін реттеу үшін апелляция берілген күннен бастап 1 (бір) ай ішінде Комитет апелляциялық комиссия (бұдан әрі – комиссия) құрады, оның құрамына Комитеттің 2 (екі) өкілі және ғылыми кеңесшілер, рецензенттер, диссертациялық немесе сараптамалық кеңестің мүшелері емес және тиісті мамандығы бар 3 (үш) ғалым кіреді.

10.3. Комиссия апелляцияны, аттестациялық ісінің материалдарын қарастырады және құрылған күннен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күн ішінде апелляция нәтижелері бойынша қорытынды дайындайды.

10.4. Апелляциялық комиссиясының оң қорытындысы мен диссертация кесімді шешім қабылдану үшін 15 (он бес) күнтізбелік күн ішінде Комитетке жолданады.

10.5. Апелляциялық комиссияның шешімі қабылданған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде докторантқа хабарланады және Университеттің интернет-ресурсында жарияланады.

10.6. Осы Қағидамен реттелмейтін даулар, соның ішінде докторантқа философия докторы (PhD), бейін бойынша доктор дәрежесін беруден бас тарту мәселесі бойынша, апелляция беру мерзімін қалпына келтіру бойынша даулар Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген сот тәртібінде шешіледі.

P-00-00-0	Диссертациялық кеңес туралы қағида	01 басылым
-----------	------------------------------------	------------

11. Ерекше қағидалар

11.1. Докторантураның білім беру бағдарламасы бойынша теориялық оқу курсын толық меңгерген, бірақ ДҒЗЖ (ДЭЗЖ) орындамаған докторантқа ДҒЗЖ (ДЭЗЖ) академиялық кредиттерін алдағы жылдары ақылы негізде қайта меңгеруге және диссертацияны қорғауға мүмкіндік беріледі.

11.2. Докторантураның білім беру бағдарламасы бойынша теориялық оқу курсын толық меңгерген, ДҒЗЖ (ДЭЗЖ) орындаған, бірақ докторлық диссертацияны қорғамаған докторант үшін оқу нәтижелері мен академиялық кредиттер есептеледі және оқуын тегін негізде тәмамдағаннан кейінгі 2 (екі) жыл ішінде диссертацияны қорғауға мүмкіндік беріледі, ал одан кейінгі жылдары кем дегенде 4 (төрт) академиялық сағат көлемінде ақы төлеп, диссертациясын қорғай алады.

11.3. Бұл ретте докторантурадағы оқуы аяқталғаннан кейін 3 (үш) жыл өткен соң докторант өзінің диссертациялық зерттеуін (research proposal) Ғылым комитетінің отырысында қайта бекіткеннен кейін ғана қорғауға шыға алады.

11.4. Диссертация уақтылы қорғалған жағдайда мемлекеттік білім беру тапырысының есебінен немесе ақылы негізде оқыған докторанттардан Университеттегі оқуының ақысы өндіріп алынбайды.

11.5. Диссертация уақтылы қорғалмаған жағдайда диссертация Диссертациялық кеңесте қорғалғаны үшін кем дегенде 4 (төрт) академиялық кредит көлемінде ақы төленуі тиіс.

12. Қорытынды қағидалар

12.1. Осы Қағида бекітілген күннен бастап күшіне енеді және жаңасына ауыстырылғанға дейін қолданылады.

12.2. Осы Қағидада Диссертациялық кеңестің құқықтық жағдайын, құру және әрекет ету тәртібін регламенттейтін негізгі нормалар келтірілді, олар Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің нормативтік-құқықтық құжаттарымен өзгертілуі, нақтылануы немесе толықтырылуы мүмкін.

12.3. Осы Қағидаға өзгертулер мен толықтырулар «Қазақстан-Ресей медициналық университеті» МЕМБМ бұйрығымен енгізіледі.

**1-қосымша****Диссертациялық кеңеске мүшелік етуге үміткерлер туралы ақпарат**

№ р/с	Т.А.Ә. (егер болса) (мемлекеттік немесе орыс және ағылшын тілдерінде)	Дәрежесі, ғылыми атағы	Негізгі жұмыс орны	Азамат- тығы	Web of Science немесе Scopus ақпараттық базасының деректері бойынша Хирш индексі	Journal Citation Reports деректері бойынша алғашқы үш квартильге кіретін немесе Scopus деректер базасында CiteScore бойынша кем дегенде 35 процентиль көрсеткіші бар халықаралық рецензияланатын ғылыми журналдардағы жарияланымдары	Басы- лымдар тізбесін дегі журнал- дағы жарияла- нымы



2-қосымша

Диссертациялық кеңестің жұмысы туралы есеп

Диссертациялық кеңес _____ жанындағы
(жоғары және жоғары оқу орнынан кейін білім беру ұйымының атауы
(бұдан әрі - ЖЖБҚБҰ))

_____ кадрларын дайындау бағыты бойынша құрылды.

Есепте мынадай мәліметтер келтірілді:

1. Өткізілген отырыстардың саны туралы деректер.
2. Отырыстардың жартысынан азына қатысқан Диссертациялық кеңестің мүшелерінің тегі, аты, әкесінің аты (егер болса).
3. Докторанттардың тізімі, ЖЖБҚБҰ көрсетілуі тиіс.
4. Есептік жыл ішінде Кеңес қарастырған диссертациялардың қысқаша талдауы, мынадай бөлімдер атал өтілді:
 - 1) қарастырылатын жұмыстардың тақырыбын талдау;
 - 2) диссертацияның тақырыбы мен Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы Жоғарғы ғылыми-техникалық комиссия Қазақстан Республикасының «Ғылым және технологиялық саясат туралы» заңының 20-бабының 3-тармағының 2) тармақшасына және (немесе) мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес белгілеген ғылымды дамыту бағыттарымен байланысы;
 - 3) диссертацияның нәтижелерін тәжірибелік қызметке енгізу деңгейін талдау.
5. Ресми рецензенттердің жұмысын талдау (анағұрлым сапасыз пікірлерді мысалға келтіру арқылы).
6. Ғылыми кадрларды дайындау жүйесін одан әрі жетілдіру бойынша ұсыныстар.
7. Философия докторы (PhD), бейін бойынша доктор дәрежелерін іздену үшін кадрларды дайындау бағыттарының кескініндегі диссертациялардың саны:
 - 1) қорғауға қабылданған диссертациялар (соның ішінде басқа ЖЖБҚБҰ докторанттарының диссертациялары);
 - 2) қарастырудан алынып тасталған диссертациялар (соның ішінде басқа ЖЖБҚБҰ докторанттарының диссертациялары);
 - 3) ресми рецензенттер теріс пікір берген диссертациялар (соның ішінде басқа ЖЖБҚБҰ докторанттарының диссертациялары);

	«ҚазРесеймедуниверситеті» МЕББМ	26 беті 41 беттен	
---	---------------------------------	-------------------	--

4) қорғау қорытындысы бойынша теріс шешім қабылданған диссертациялар (соның ішінде басқа ЖЖБКБҰ докторанттарының диссертациялар);

5) толықтыруға жіберілген диссертациялар (соның ішінде басқа ЖЖБКБҰ докторанттарының диссертациялары);

6) қайта қорғауға жіберілген диссертациялар (соның ішінде басқа ЖЖБКБҰ докторанттарының диссертациялары).

Диссертациялық кеңестің Төрағасы

(қолы, тегі, аты, әкесінің аты (егер болса))

Диссертациялық кеңестің Ғалым хатшысы

(қолы, тегі, аты, әкесінің аты (егер болса))

Мөр, күні

20__ жылғы «__» _____

	«ҚазРесеймедуниверситеті» МББМ	27 беті 41 беттен	
---	--------------------------------	-------------------	--

3-қосымша

Диссертациялық кеңес философия докторы (PhD), бейін бойынша доктор дәрежелерін беру (беруден бас тарту) туралы қабылдаған шешімдер туралы тоқсан сайынғы есеп

№	Докторант- тың Т.А.Ә. (егер болса)	Туған жылы	Докто- ранту- рада оқыған кезеңі	Докторант оқыған ЖЖБҚБҰ	Диссертацияның тақырыбы	Ғылыми кеңесшілері (Т.А.Ә. (егер болса), дәрежесі, жұмыс орны)	Ресми рецензенттері (Т.А.Ә. (егер болса), дәрежесі, жұмыс орны)	Қорғау күні	Диссертация- лық кеңес пен апелляциялық комиссия (егер болса) қабылдаған шешім	Дипл ом- ның №
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11
Мамандық (кадрларды дайындау бағыты) бойынша Диссертациялық кеңес										

P-00-00-0	Диссертациялық кеңес туралы қағида	01 басылым
-----------	------------------------------------	------------

	«ҚазРесеймедуниверситеті» МЕББМ	28 беті 41 беттен	
---	---------------------------------	-------------------	--

4-қосымша

**«Қазақстан-Ресей медициналық
университеті» МЕББМ ректорына**

докторанттан _____

АРЫЗ

«_____»
білім беру бағдарламасы (мамандығы) бойынша философия докторы (PhD)
дәрежесін іздену үшін «_____»
_____»
тақырыбындағы диссертациялық жұмысты Диссертациялық кеңесте қарастыру
үшін қабылдауыңызды сұраймын.

Ғылыми кеңесшілер:

- 1.
- 2.

Қолы _____

Күні: 20__ жылғы «__» _____

P-00-00-0	Диссертациялық кеңес туралы қағида	01 басылым
-----------	------------------------------------	------------

	«ҚазРесеймедуниверситеті» МЕББМ	29 беті 41 беттен	
---	---------------------------------	-------------------	--

5-қосымша

диссертациялық кеңесінің төрағасына
докторанттан _____

АРЫЗ

« _____ »
білім беру бағдарламасы (мамандығы) бойынша философия докторы (PhD)
дәрежесін іздену үшін « _____ »
_____»
тақырыбындағы диссертациялық жұмысты Диссертациялық кеңесте қарастыру
үшін қабылдауыңызды сұраймын.

Ғылыми кеңесшілер:

- 1.
- 2.

Қолы _____

Күні: 20__ жылғы «__» _____



6-қосымша

Этикалық комиссияның қорытындысы

(ЖЖБКБҰ атауы)

1	Докторанттың Т.А.Ә.	
2	Докторантура мамандығы (білім беру бағдарламасы)	
3	Докторантурада оқу кезеңі	
4	Диссертацияның тақырыбы, бекіту күні	
5	Ғылыми кеңесшілер туралы деректер – Т.А.Ә. (егер болса), лауазамы мен жұмыс орны, ғылыми дәрежелері, азаматтығы	
6	Зерттеу нысандары	
7	Ғылыми зерттеулерді жоспарлау, бағалау, іріктеу және жүргізу кезіндегі бұзылулар	Бұзылулар анықталды немесе анықталған жоқ. Егер бұзылулар анықталса, оларды көрсету қажет.
8	Ғылыми зерттеулердің нәтижелерін тарату кезіндегі бұзылулар	Бұзылулар анықталды немесе анықталған жоқ. Егер бұзылулар анықталса, оларды көрсету қажет.
9	Зерттеу нысандарының құқықтарын, қауіпсіздігі мен әл-ауқатын қорғау қалай жүргізілді? (тірі табиғат және тіршілік ортасының нысандары болған жағдайда)	

Этикалық комиссия төрағасы

(қолы, тегі, аты, әкесінің аты (егер болса))

Этикалық комиссияның хатшысы

(қолы, тегі, аты, әкесінің аты (егер болса))



Үлгісі

Ресми рецензенттің жазбаша пікірі

№ р/с	Критерийлер	Критерийлерге сәйкестігі (жауаптың нұсқаларының бірін сызыңыз)	Ресми рецензенттің айқындамасын негіздеу (ескертулар курсивпен көрсетілсін)
1.	Диссертацияның тақырыбы (оны бекіткен күні) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес келеді	1.1 Ғылымды дамытудың басым бағыттарына немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі: 1) диссертация мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын жобаның немесе мақсатты бағдарламаның аясында орындалды (жобаның немесе бағдарламаның атауын көрсетіңіз); 2) диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалды (бағдарламаның атауын көрсетіңіз); 3) диссертация Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы Жоғарғы ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылымды дамыту бағытына сәйкес келеді (бағытты көрсетіңіз).	
2.	Ғылым үшін маңыздылығы	Жұмыс ғылымға айтарлық үлес қосады / қоспайды, ал оның маңыздылығы жақсы ашылған / ашылмаған.	
3.	Дербестік қағидасы	Дербестік деңгейі: 1) жоғары; 2) орташа; 3) төмен; 4) дербестігі жоқ.	
4.	Ішкі бірлік қағидасы	4.1 Диссертацияның өзектілігін негіздеу: 1) негізделген; 2) ішінара негізделген; 3) негізделмеген.	
		4.2 Диссертацияның мазмұны оның тақырыбын бейнелейді: 1) бейнелейді; 2) ішінара бейнелейді; 3) бейнелемейді.	
		4.3. Диссертацияның мақсаты мен тапсырмалары сәйкес келеді: 1) сәйкес келеді; 2) ішінара сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді.	
		4.4 Диссертацияның барлық бөлімдері мен қағидалары логикалық байланысқан: 1) толық байланысқан; 2) ішінара байланысқан; 3) байланыс жоқ.	
		4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидалар,	



		әдістер) дәлелді және белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланды: 1) сыни талдау бар; 2) ішінара талданған; 3) талдау өз пікірлерін емес, басқа авторлардың дәйексөздерін білдіреді; 4) талдау жасалмаған.	
5.	Ғылыми жаңалық қағидасы	5.1 Ғылыми нәтижелер мен қағидалар жаңа ма? 1) толықтай жаңа; 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (25%-дан кемі жаңа).	
		5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа ма? 1) толықтай жаңа; 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (25%-дан кемі жаңа).	
		5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқарушы шешімдері жаңа және негізді ме? 1) толықтай жаңа; 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (25%-дан кемі жаңа).	
6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	Барлық негізгі қорытындылар негізді / ғылыми тұрғыдағы салмақты дәлелдерге негізделмеген немесе айтарлықтай жақсы негізделген (qualitative research үшін және өнер мен гуманитарлық ғылымдар бойынша дайындау бағыттары үшін).	
7.	Қорғауға шығарылатын негізгі қағидалар	Мына сұрақтарға әр қағида бойынша бөлек жауап беру қажет: 7.1 Қағида дәлелденді ме? 1) дәлелденді; 2) шамалы дәлелденді; 3) толық дәлелденбеді; 4) дәлелденген жоқ; 5) ағымдағы тұжырымда қағиданың дәлелділігін тексеру мүмкін емес.	
		7.2 Тривиал болып табыла ма? 1) иә; 2) жоқ; 3) ағымдағы тұжырымда тривиалдығын тексеру мүмкін емес.	
		7.3 Жаңа ма? 1) иә; 2) жоқ; 3) ағымдағы тұжырымда қағиданың жаңа екенін тексеру мүмкін емес.	
		7.4 Қолдануға арналған деңгейі: 1) тар; 2) орташа; 3) кең; 4) ағымдағы тұжырымда қағиданы қолдану деңгейін тексеру мүмкін емес.	
		7.5 Мақалада дәлелденді ме?	



		1) иә; 2) жоқ; 3) ағымдағы тұжырымда мақаладағы қағиданың дәлелділігін текеру мүмкін емес.	
8.	Шынайылық қағидасы. Дереккөздер мен ұсынылатын ақпараттың шынайылығы	8.1 Әдіснаманы таңдау – негізделді немесе әдіснама айтарлықтай жан-жақты сипатталды: 1) иә; 2) жоқ.	
		8.2 Диссертациялық жұмыстың нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдана отырып, ғылыми зерттеулердің заманауи әдістерін және деректерді өңдеу және түсіндіру әдістемелерін пайдалану арқылы алынды: 1) иә; 2) жоқ.	
		8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған байланыстар мен заңдылықтар эксперименталдық зерттеу арқылы дәлелденді және расталды (педагогикалық ғылымдар бойынша дайындау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперименттің негізінде дәлелденді): 1) иә; 2) жоқ.	
		8.4 Маңызды пайымдамалар өзекті әрі шынайы ғылыми әдебиетке сілтеме жасау арқылы расталды / ішінара расталды / расталған жоқ.	
		8.5 Пайдаланылған әдеби дереккөздер әдеби шолу үшін жеткілікті / жеткілікті емес.	
9	Тәжірибелік құндылық қағидасы	9.1 Диссертацияның теориялық мәні бар: 1) иә; 2) жоқ.	
		9.2 Диссертацияның тәжірибелік мәні бар және алынған нәтижелерді тәжірибеде қолдану ықтималы жоғары: 1) иә; 2) жоқ.	
		9.3 Тәжірибеге арналған ұсыныстар жаңа: 1) толықтай жаңа; 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (25%-дан кемі жаңа).	
10.	Жазу және рәсімдеу сапасы	Академиялық хаттың сапасы: 1) жоғары; 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен.	
11.	Диссертацияға қатысты ескертпелер		
12.	Докторанттың зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми деңгейі (диссертация мақалалар топтамасы		



	түрінде қорғалған жағдайда ресми рецензенттер докторанттың зерттеу тақырыбы бойынша әр мақаласының ғылыми деңгейіне қатысты түсіндірме береді)	
13.	Ресми рецензенттің шешімі (осы Үлгілік қағиданың 28- тармағына сәйкес)	

	«ҚазРесеймедуниверситеті» МЕМБМ	35 беті 41 беттен	
---	---------------------------------	-------------------	--

8-қосымша

Докторант _____
(докторанттың тегі, аты, әкесінің аты)
 «_____» мамандығы
 бойынша доктор дәрежесін (PhD) іздену үшін ұсынған «_____»
 _____» тақырыбындағы
 диссертациялық жұмысына қатысты

ғылыми кеңесшінің пікірі

Пікірде мынадай тармақтар болуы тиіс:

- 1) орындалған жұмыстың өзектілігін, оның заманауи ғылым мен тәжірибе үшін маңыздылығын негіздеу;
- 2) докторант сүйенетін негізгі ғылыми және әдіснамалық қағидалар;
- 3) докторант алған ғылыми нәтижелер және олардың негізділігі;
- 4) диссертацияның құрылымдық және мазмұндық бүтіндігі;
- 5) докторанттың зерттеуге қосқан жеке үлесі, зерттеу көлемі;
- 6) докторанттың зерттеуші ретіндегі қасиеттері, ғылыми зерттеулер жүргізу бойынша жинаған тәжірибесі;
- 7) қорытынды.

Ғылыми кеңесші: лауазымы, жұмыс орны, ғылыми дәрежесі, ғылыми атағы

(қолы)

Қолы жұмыс орнының мөрімен куәландырылады

P-00-00-0	Диссертациялық кеңес туралы қағида	01 басылым
-----------	------------------------------------	------------

	«ҚазРесеймедуниверситеті» МЕМБМ	36 беті 41 беттен	
---	---------------------------------	-------------------	--

9-қосымша

Докторант _____

**білім беру бағдарламасы (мамандығы) бойынша
жариялаған ғылыми және оқу-әдістемелік жұмыстарының
ТІЗІМІ**

№ р/с	Жұмыстың атауы	Басылым түрінде немесе колжазба құқығында	Журнал басылымының атауы (№, беті, жыл), ISBN немесе авторлық куәліктің №	Баспа парақтардың саны немесе беті	Бірлескен авторлардың тегі
1	2	3	4	5	6
I. Web of Science немесе Scopus шетелдік деректер базаларының материалдарындағы ғылыми еңбектердің тізімі					
II. ҚР ҒЖБМ ҒЖБССҚК ұсынған басылымдар тізбесіне кіретін журналдарда жарияланған мақалалар					
III. Халықаралық конференциялардың және т.б. материалдарындағы ғылыми еңбектердің тізімі					
IV. Зияткерлік меншік (патенттер, авторлық құқықтар, өнертабыстар және т.б.)					

PhD докторант (қолы)

_____ (Т.А.Ә.)

Ғалым хатшы (қолы)

_____ (Т.А.Ә.)

Жетекші (қолы)

_____ (Т.А.Ә.)

Ғылым департаменті (қолы)

_____ (Т.А.Ә.)

P-00-00-0	Диссертациялық кеңес туралы қағида	01 басылым
-----------	------------------------------------	------------

	«ҚазРесеймедуниверситеті» МЕББМ	37 беті 41 беттен	
---	---------------------------------	-------------------	--

10-қосымша

Докторант _____
(тегі, аты, әкесінің аты)

« _____ » білім беру бағдарламасы бойынша
доктор (PhD) дәрежесін іздену үшін ұсынған

« _____ »
тақырыбындағы диссертациялық жұмысқа
АҢДАТПА


1. Зерттеу тақырыбының өзектілігі
2. Диссертациялық зерттеудің мақсаты
3. Зерттеу тапсырмалары
4. Зерттеу әдістері
5. Зерттеу нысаны. Зерттеу мәні
6. Қорғауға шығарылатын негізгі қағидалар
7. Зерттеудің негізгі нәтижелері
8. Ғылыми жаңалығы
9. Тәжірибелік мәні
10. Докторанттың жеке үлесі
11. Қорытынды
12. Диссертация нәтижелерін сынаммалау
13. Жарияланымдар
14. Диссертацияның көлемі мен құрылымы

P-00-00-0	Диссертациялық кеңес туралы қағида	01 басылым
-----------	------------------------------------	------------

11-қосымша

Докторант туралы мәліметтер

(тегі, аты, әкесінің аты (егер болса))



1	Туған күні мен орны, азаматтығы, ұлты			
2	Докторантурада оқуы туралы мәліметтер (ЖОО мен оқу кезеңі)			
3	Докторантурадағы мамандығы			
4	Диссертацияны қорғайтын орны мен күні			
5	Диссертацияның тақырыбы мен тілі			
6	Ғылыми кеңесшілері (Т.А.Ә. (егер болса), лауазымы, ғылыми дәрежесі, ғылыми атағы, азаматтығы)			
7	Ресми рецензенттері (Т.А.Ә. (егер болса), лауазымы, ғылыми дәрежесі, ғылыми атағы, азаматтығы)			
8	Жарияланымдарының саны, барлығы, соның ішінде:			
	Басылымдар тізбесіндегі журналдарда			
	Web of Science немесе Scopus базасындағы шетелдік басылымда			
	халықаралық конференциялардың материалдарында, соның ішінде:			
	шетелдік конференциялардың материалдарында			
9	Еңбек қызметі			
	Жұмысқа қабылданған күні	Жұмыстан босатылған күні	Жұмыс орны, лауазымы	Мекеменің орналасқан орны
10	Тұрғылықты орны, байланыс деректері			

Диссертациялық кеңестің ғалым хатшысы _____
(колы, тегі, аты, әкесінің аты (егер болса))

Мөр, күні: 20__ жылғы «__» _____

	«ҚазРесеймедуниверситеті» МЕББМ	39 беті 41 беттен	
---	---------------------------------	-------------------	--

12-қосымша

Диссертациялық кеңес мүшелерінің келу парағы

Кеңестің 20__ жылғы «__» _____ отырысы, № _____ хаттамасы.

Докторант _____
(тегі, аты, әкесінің аты (егер болса))


_____ кадрларды
дайындау бағыты бойынша диссертациясын қорғауы.

Диссертациялық кеңес мүшелерінің тегі, аты, әкесінің аты (егер болса)	Дәрежесі	Отырысқа келуі (колы)
1	2	3

Диссертациялық кеңестің ғалым хатшысы

(колы, тегі, аты, әкесінің аты (егер болса))

P-00-00-0	Диссертациялық кеңес туралы қағида	01 басылым
-----------	------------------------------------	------------



40 беті 41 беттен







40 беті 41 беттен

Танысу парағы

[illegible]



Келісу парағы

Лауазымы	Қолы	Күні	Аты мен тегі
1	2	3	4
Академиялық қызмет жөніндегі проректор			А. Кусаинова
Ғылыми-клиникалық жұмыс жөніндегі проректор			А. Сейдалин
Цифрлық даму жөніндегі проректор			А. Вдовцев
Әкімшілік-құқықтық бөлімнің басшысы			С. Касимова
Аудит және стратегиялық даму департаментінің жетекшісі			Ж. Лян
ОӘЖД жетекшісі			К. Нургалиева